**2010 жылғы сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 22 сәуірдегі № А-04/315 қаулысы. Ақмола облысы Бұланды ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 21 мамырда № 1-7-117 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 9 ақпандағы № А-02/24 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2011.02.09 № А-02/24 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2005 жылғы 08 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы» қаулысына сәйкес аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Ақмола облысы Бұланды ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім» мемлекеттік мекемесі арқылы 2010 жылдың сәуір – маусымында және қазан - желтоқсанында мұрсат мерзімге құқығы жоқ немесе шақырудан босатылмаған, он сегізден жиырма жетіге дейінгі жастағы, сондай-ақ оқу орнынан шығып қалған, жасы жиырма жетіге толмаған және белгіленген мерзімді әскери қызметін өтемеген ер азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. 1 қосымшаға сәйкес аудандық шақыру комиссиясы құрылсын және оның құрамы бекітілсін.

3. 2, 3 қосымшаларға сәйкес мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыру кестесі бекітілсін.

4. Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Бұланды

орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (келісім бойынша) шақыру комиссиясының құрамында медициналық куәландыруды өткізу үшін медициналық комиссия құрсын.

5. «Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрлігі Ақмола облысының ішкі істер департаменті Бұланды ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі және кетуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Бұланды ауданы әкімдігінің «2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және оны өткізуді қамтамасыз ету туралы» 2009 жылғы 12 мамырдағы № А-05/109 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-7-83 тіркелген, 2009 жылғы 25 маусымда « Бұланды таңы» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімнің орынбасары Б.С. Ізбасароваға жүктелсін.

8. Осы қаулының күші 2010 жылдың 15 сәуірінен бастап пайда болған құқықтық қатынастарға тарайды.

9. Осы қаулы Бұланды ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бұланды ауданының әкімі* *Е.Нұғыманов*

«КЕЛІСІЛДІ»

*«Ақмола облысы Бұланды ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім» мемлекеттік мекемесінің бастығы* *Қ.М.Камалиев*

*«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының ішкі істер департаменті Бұланды ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы* *Н.Қ.Омаров*

*Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Бұланды орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық*

*қазыналық кәсіпорынының бас дәрігері А.Ж.Нұрсадықова*

Қосымша 1
Бұланды ауданы әкімдігінің
2010 жылғы 22.04. № А-04/315
қаулысымен бекітілген

**Аудандық шақыру комиссиясының**
**ҚҰРАМЫ**

Камалиев Қуанышбек Манысбекұлы - «Ақмола облысы Бұланды ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім» мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша)

Салий Владимир Иванович - Бұланды ауданының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары

**Комиссия мүшелері:**

Апсаметов Еркеш Құсманұлы - «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының ішкі істер департаменті Бұланды ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының қызмет жөніндегі орынбасары (келісім бойынша)

Садуақасов Тайбасар Төлегенұлы - Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Бұланды орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының хирургия

бөлімшесінің дәрігер хирургі, медициналық комиссиясының төрағасы (келісім бойынша)

Достовалова Татьяна Алексеевна - Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Бұланды аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының медициналық статисті, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

Қосымша 2
Бұланды ауданы әкімдігінің
22.04.2010 № А-04/315
қаулысымен бекітілген

## Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

| № п/п | С/о және а/о атауы | Барлығы | 15.04.2010 жыл | 16.04.2010 жыл | 19.04.2010 жыл | 20.04.2010 жыл | 21.04.2010 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Журавлевка с/о | 70 | | | | | |
| 2 | Капитоновка с/о | 23 | | | | | |
| 3 | Новобратск с/о | 25 | | | | | |
| 4 | Даниловка с/о | 43 | | | | | |
| 5 | Вознесенка с/о | 63 | | | | | |
| 6 | Карамышевка с/о | 50 | | | | | |
| 7 | Қараөзек а/о | 37 | | | | | |
| 8 | Никольск с/о | 50 | | | | | |
| 9 | Erголка а/о | 54 | | | | | |
| 10 | Айнакөл с/о | 8 | | | | | |
| 11 | Амангелді а/о | 37 | | | | | |
| 12 | Макинск қ. | 395 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 |
| | Барлығы | 855 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 |

кестенің жалғасы

| 22.04.2010 жыл | 23.04.2010 жыл | 26.04.2010 жыл | 27.04.2010 жыл | 28.04.2010 жыл | 29.04.2010 жыл | 04.05.2010 жыл | 05.05.2010 жыл | 06.05.2010 жыл | 12.05.2010 жыл | 13.05.2010 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | 23 |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | 25 |
| | | | | | | 43 | | | | |
| | | | | 13 | 50 | | | | | |
| | | | | | | | | 50 | | |
| | | | | | | | | | 37 | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | 4 | | | | 50 | | | |
| | | | 8 | | | | | | | |
| | | | | 37 | | | | | | |
| 50 | 50 | 45 | | | | | | | | |
| 50 | 50 | 45 | 32 | 50 | 50 | 43 | 50 | 50 | 37 | 48 |

кестенің жалғасы

| 14.05.2010 жыл | 21.05. 2010 жыл | 28.05. 2010 жыл | 01.06. 2010 жыл | 02.06. 2010 жыл | 03.06. 2010 жыл | 04.06. 2010 жыл | 07.06. 2010 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 50 | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| 50 | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| 50 | 50 | | | | | | |

Қосымша 3
Бұланды ауданы әкімдігінің
22.04.2010 № А-04/315
қаулысымен бекітілген

## Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

| № п/п | С/о және а/о атауы | Барлығы | 01.10.2010 жыл | 02.10.2010 жыл | 05.10.2010 жыл | 06.10.2010 жыл | 07.10.2010 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Журавлевка с/о | 70 | | | | | |
| 2 | Карамышевка с/о | 59 | | | | | |
| 3 | Новобратск с/о | 33 | | | | | |
| 4 | Даниловка с/о | 41 | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Вознесенка | 65 | | | | | |
| 6 | Капитоновка с/о | 25 | | | | | |
| 7 | Қараөзек а/о | 45 | | | | | |
| 8 | Никольск с/о | 72 | | | | | |
| 9 | Ерголка а/о | 53 | | | | | |
| 10 | Айнакөл с/о | 11 | | | | | |
| 11 | Амангелді а/о | 42 | | | | | |
| 12 | Макинск қ. | 427 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 |
| | Барлығы | 943 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 |

кестенің жалғасы

| 08.10.2010 жыл | 11.10.2010 жыл | 12.10.2010 жыл | 13.10.2010 жыл | 14.10.2010 жыл | 15.10.2010 жыл | 18.10.2010 жыл | 19.10.2010 жыл | 20.10.2010 жыл | 21.10.2010 жыл | 29.10.2010 жыл | 01.11.2010 жыл | 02.11.2010 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 20 | 50 | | | | | | | | |
| | | | | | 50 | 9 | | | | | | |
| | | | | | | | 33 | | | | | |
| | | | | | | 41 | | | | | | |
| | | | | | | | | 50 | 15 | | | |
| | | | | | | | | | 25 | | | |
| | | | | | | | | | | 45 | | |
| | | | | | | | | | | | 50 | 22 |
| | | | | | | | | | | | | 3 |
| | | | | | | | 11 | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| 50 | 50 | 50 | 27 | | | | | | | | | |
| 50 | 50 | 50 | 47 | 50 | 50 | 50 | 44 | 50 | 40 | 45 | 50 | 25 |

кестенің жалғасы

| 03.11.2010 жыл | 04.11.2010 жыл | 05.11.2010 жыл | 10.11.2010 жыл | 12.11.2010 жыл | 19.11.2010 жыл | 26.11.2010 жыл | 03.12.2010 жыл | 10.12.2010 жыл | 17.12.2010 жыл | 24.12.2010 жыл | 30.12.2010 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| 50 | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | 42 | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 50 | 42 | | | | | | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК